

Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті жүргізу саласындағы нормативтік құқықтық актілерге құқықтық мониторинг жүргізу туралы есеп

I. Кіріспе.

Заңнама саласының (кіші саласының) атауы: Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы заңнама (Қазақстан Республикасында қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент ақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру брокерлері филиалдарының және Қазақстанның Даму Банкінің (бұдан әрі – қаржы нарығының субъектілері) бухгалтерлік есепті жүргізу және автоматтандыру, қаржылық есептілікті құрастыру мәселелері бойынша).

Заңнама саласын (кіші саласын) реттейтін нормативтік құқықтық актілердің тізбесі:

- «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (*уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі*);

- «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (*Ұлттық Банктің құзыреттерін бекіту бөлігінде*);

- «Екінші деңгейдегі банктердің және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының сенімгерлік операциялар мен кастодиандық қызметті бухгалтерлік есепке алуды жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 30 қарашадағы № 134 қаулысы;

- «Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 22 қыркүйектегі № 79 қаулысы;

- «Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысы;

- «Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 68 қаулысы;

- «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен, нысаналы активтермен және нысаналы жинақтармен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі

нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 69 қаулысы;

- «Бухгалтерлік есеп жүргізуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 270 қаулысы;

- «Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығы;

- «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 28 маусымдағы № 149 қаулысы;

- «Зейнетақы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету» қаржылық есептілік стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 195 қаулысы;

- «Брокерлік қызмет бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және ашу» 33 бухгалтерлік есеп стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 16 шілдедегі № 137 қаулысы;

- «Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысы;

- «Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Ислам банктерінің бухгалтерлік есеп жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 46 қаулысы;

- «Бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 47 қаулысы;

- «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, өзара сақтандыру қоғамдарына және Қазақстан Республикасының бейрезидент - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бухгалтерлік есепті жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 251 қаулысы;

- «Банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктерінің филиалдар қолданатын аппараттық-бағдарламалық кешендердің бақылау чегінің нысаны мен мазмұнын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 26 ақпандағы № 39 қаулысы;

- «Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының бухгалтерлік есепке алу деректері бойынша есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 107 қаулысы;

- «Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының және ипотекалық ұйымдардың бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту және «Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 22 қыркүйектегі № 79 қаулысына және «Қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 68 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 109 қаулысы.

Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласындағы нормативтік құқықтық актілермен қатар, заңнаманың аталған саласын реттеу келесі қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын ескере отырып жүзеге асырылады:

Негізгі стандарттар:

IAS 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну»;

IAS 7 «Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп»;

IAS 8 «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер және қателер»;

IAS 10 «Есепті кезең аяқталғаннан кейінгі оқиғалар»;

IAS 16 «Негізгі құралдар»;

IAS 27 «Жеке қаржылық есептілік»;

IAS 28 «Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар»;

IAS 32 «Қаржы құралдар: ұсыну»;

IAS 38 «Материалдық емес активтер»;

IAS 40 «Инвестициялық мүлік»;

IFRS 9 «Қаржы құралдары»;

IFRS 17 «Сақтандыру шарттары».

Қосымша стандарттар:

IAS 12 «Пайдаға салынатын салықтар»;
 IAS 16 «Жалға алу»;
 IAS 19 «Қызметкерлерге берілетін сыйақылар»;
 IAS 21 «Валюта бағамдарының өзгеруінің әсері»;
 IAS 23 «Қарыздар бойынша шығындар»;
 IAS 24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу»;
 IAS 33 «Акцияға шаққандағы пайда»;
 IAS 34 «Аралық қаржылық есептілік»;
 IAS 36 «Активтердің құнсыздануы»;
 IAS 37 «Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер және шартты активтер».

Нысаналы топтар:

- қаржы ұйымдары;
- Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдары;
- Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары;
- Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру брокерлерінің филиалдары;
- Қазақстанның Даму Банкі.

Саласының (кіші саласының) сипаттамасы, оның мемлекеттік басқару жүйесіндегі мақсаттары мен міндеттері, реттеу объектісі мен субъектісі: талданатын сала (кіші сала) қаржы нарығы субъектілерінің «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы», «Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу және автоматтандыру, қаржылық есептілікті жасау мәселелерін реттейді.

Мақсат: бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті жүргізудің мақсаты қаржылық есептілікті пайдаланушыларды (тартылған және әлеуетті инвесторлар, кредиторлар және басқа да мүдделі тұлғалар) қаржы нарығы субъектілерінің қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері және қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы толық және дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады.

Міндет: бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік және бухгалтерлік есепті жүргізуді автоматтандыру саласында қаржы нарығы субъектілерін реттеуді қамтамасыз ету.

Объект: активтер, міндеттемелер, капитал, кірістер, шығыстар, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер, меморандум шоттары, қаржы нарығы субъектісінің сенімгерлік немесе инвестициялық басқаруындағы клиенттердің активтері және ол жүзеге асыратын шаруашылық операциялар.

Субъект: қаржы ұйымдары, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкерінің филиалдары, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру брокерлерінің филиалдары, Қазақстанның Даму Банкі.

II. Заңнама саласын (кіші саласын) ретроспективті талдауы

p/c №	Талданатын заңнама саласының (кіші саласының) уақытша кезеңі	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Тұжырымдамалық сипаттағы енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды сипаттау (заңнамалық актінің құрылымдық элементтерін көрсете отырып)	Түзету негіздері және бастапқыда айтылған мақсаттар	Нақты салдары (енгізілген түзетулердің нәтижелері)
1.	2020-2025 ж.	«Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	Қазақстандағы бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесін, бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасаудың принциптерін және қағидаларын заңнамалық бекіту мақсатында 2007 жылы «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заң (бұдан әрі – Заң) қабылданды. Қаржы министрлігі бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және іске асыруды қамтамасыз ететін уәкілетті орган болып табылады. Заңды әзірлеу және ретроспективті талдау аталған мемлекеттік органның құзыретіне жатады. Ұлттық Банк өз кезегінде бухгалтерлік есепті жүргізудің, қаржы нарығының жекелеген субъектілерінің қаржылық есептілікті ұсынуының бірыңғай қағидаларын бекітеді. Бүгінгі күні талданатын заңнама саласын реттейтін 17 Ұлттық Банк Басқармасының қаулысы, оның ішінде бухгалтерлік есепті жүргізу жөніндегі нұсқаулықтар, шоттардың үлгілік жоспарлары, қаржылық есептілік стандарттары, Заңның қабылдануымен бекітілген тиісті ережелер (2007 жылдан бастап) қолданыста болып табылады. Жоғарыда аталған НҚА Заңды іске асыруға және заңнаманы халықаралық стандарттармен үйлестіру мақсатында қабылданды. Ұлттық Банктің НҚА-ға бухгалтерлік есеп жүргізу, қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер, әдетте, оларды заңға және өзге де жоғары тұрған НҚА-ға түзетулерге сәйкес келтіру қажеттілігіне байланысты.		

III. Стратегиялық мақсаттар мен нысаналы индикаторларды талдау

p/c №	Мемлекеттік жоспарлау Жүйесі құжатының немесе өзге де жоспарлау құжатының атауы	Мақсаты (мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжатына немесе өзге жоспарлау құжатына сәйкес қол жеткізу қажет нәтиже)	Қолданыстағы нормативтік құқықтық актінің не іске асыру үшін қабылданған немесе әзірленетін мақсаттың атауы (нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементін, нормативтік құқықтық актінің жобасын көрсете отырып)	Мақсатқа қол жеткізуге бағытталған не ықпал ететін нормалардың мазмұны туралы мәліметтер (құқықтық құралдар)	Мақсаттарға қол жеткізу құқығының нормаларын бағалау (нормативтік реттеу оларға қаншалықты қол жеткізуге мүмкіндік береді). <i>* Қажетті құқық нормалары/құқықтық құралдар болмаған жағдайда тиісті ұсыныстар әзірленеді</i>
Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және іске асыруды қамтамасыз ететін уәкілетті орган Қаржы министрлігі болып табылатындығына байланысты Ұлттық Банктің 2024-2028 жылдарға арналған стратегиялық жоспарымен бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша жекелеген стратегиялық мақсаттар (нысаналы индикаторлар) көзделмеген. Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің өзге құжаттарында Ұлттық Банктің құзыреті шегінде талданатын саламен тікелей байланысты нысаналы көрсеткіштер жоқ.					

IV. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардан туындайтын міндеттемелердің орындалуын талдау

p/c №	Халықаралық шарттың атауы	Қазақстан Республикасының Міндеттемесі (халықаралық шарттың құрылымдық элементін көрсете отырып)	Қолданыстағы нормативтік құқықтық актінің не орындалуы үшін қабылданған немесе әзірленетін міндеттеменің атауы (нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементін, нормативтік құқықтық актінің жобасын көрсете отырып)	Міндеттемелерді орындауға бағытталған не ықпал ететін нормалардың мазмұны туралы мәліметтер (құқықтық құралдар) <i>* Қажетті құқық нормалары/құқықтық құралдар болмаған жағдайда тиісті ұсыныстар әзірленеді</i>
Қазақстанның бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті қалыптастыру бөлігінде ратификацияланған халықаралық шарттардан туындайтын міндеттемелері жоқ.				

V. Құқық қолдану практикасын талдау

p/c №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементі	Проблемалық мәселелердің сипаттамасы	Ақпарат көздері	Қабылданған немесе қабылданатын шаралар
	«Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заң Ұлттық Банк Басқармасының қаулылары	бухгалтерлік есепті жүргізудің, қаржылық есептілікті ұсынудың рәсімдік мәселелерін регламенттейтін нормалар	Жалпы алғанда, Ұлттық Банктің Заң және НҚА нормаларын іске асыру кезінде бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша бірыңғай практика қолданылады. Алайда реттеу субъектілері заңнаманың жекелеген нормаларын түсіндіру үшін Ұлттық Банкке жүгінеді. Әдетте, келіп түскен сұраулар жеке немесе заңды тұлғаның нақты жағдайына байланысты. Түсіндіру сұралатын негізгі мәселелер: - нақты операцияны жіктеудің дұрыстығы; - операцияларды растайтын құжаттарды ресімдеу мәселелері; - есепке алу (есептеу)әдістерін қолданудың дұрыстығы; - есептілік нысандарын қолдану және оларды ұсыну мерзімдері; - шоғырландырылған есептілікті жасау және т.б. 2024 жылы Ұлттық Банкке бухгалтерлік есепті жүргізу, оны автоматтандыру, қаржылық есептілікті жасау мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардан 51 сұрау түсті.	«e-Otinish» ақпараттық жүйесі	Ұлттық Банк жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша өтініштерде сұратылатын заңнама нормаларының түсіндірмелерін ұсынады. Түсіндіру сипатындағы шаралар жеке және заңды тұлғалардың сұрауларын қамтиды және қосымша іс-шаралар өткізуді талап етпейді.
	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (ХҚЕС)	негізінен IFRS 9 «Қаржы құралдары», IFRS 17 «Сақтандыру шарттары» стандарттары	ҚЕХС жетілдірілуіне байланысты мерзімді негізде жекелеген ҚЕХС әзірлеу және пысықтау жүзеге асырылады, бұл жеке және заңды тұлғалардың ҚЕХС қолдану мәселелері бойынша өтініштеріне әкеледі. Атап айтқанда, 2016 жылдан 2019 жылға дейін ұйымдар Ұлттық Баннің үйлестіруімен бұрын қолданыста болған ХҚЕС-тен IFRS 9	Қазақстан Республикасының НҚА ақпараттық-құқықтық жүйесі	1. Ұлттық Банктің НҚА-ны ХҚЕС-пен үйлестіру: бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелерін реттейтін Ұлттық Банк Басқармасының қаулыларына корреспонденттік түзетулер енгізу. 2. Қаржы нарығы субъектілерінің жаңа ҚЕХС-қа көшу процесін үйлестіру

		«Қаржы құралдар» ХҚЕС-ке (іскерлік практикадағы және нарық күтулеріндегі өзгерістерге байланысты қаржы құралдарының ашықтығын арттыру және есепке алуды жеңілдету үшін) көшуді жүзеге асырды. 2021 жылдан 2022 жылға дейін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары Ұлттық Банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі агенттінің үйлестіруімен ескірген ХҚЕС-тен IFRS 17 «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС-ке (ұйымның сақтандыру шарттарын шынайы көрсететін қолайлы ақпаратты ұсынуын қамтамасыз ету үшін) көшу жасады. Жаңа стандарттарға көшкеннен кейін, әдетте, инновацияларды қолдануға байланысты қаржы нарығы субъектілерінің келесу сұраныстарының саны артады: - ХҚЕС қолдану үшін өтпелі кезеңнің болуы; - жаңа стандарттарды қолдануға байланысты рәсімдік мәселелер; - ақпаратты ашу, жаңа стандарттарға сәйкес активтер мен міндеттемелерді есепке алу мәселелері және т. б.	«Е-Otinis» ақпараттық жүйесі	(Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп). 3. Түсіндіру шаралары. 2016 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі кезеңде уәкілетті ұйымдар мен қаржы нарығы субъектілерінің атына стандарттарға енгізілген өзгерістер бойынша түсініктемелер жолданды. Жеке және заңды тұлғалардың сұрау салуларының түсуіне қарай Ұлттық Банк заңнама және ХҚЕС нормаларын қолдану бойынша түсініктемелер береді.
--	--	--	-------------------------------------	--

VI. Заңнама саласының (кіші саласының) тұрақтылығы

p/c №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементі	Өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементі	Енгізілген өзгерістің және (немесе) толықтырудың негіздемесі
	Конституциялық заңдар, кодекстер, шоғырландырылған заңдар, заңдар			
	-			
	Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтары			
	-			
	Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық қаулылары			
	-			
	Ведомстволық нормативтік құқықтық актілер			
1.	«Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығы	«Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 27 наурыздағы № 17 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының м.а. - Қаржы министрінің м.а. 2023 жылғы 3 сәуірдегі № 326 бірлескен қаулысы мен бұйрығы.	1-тармақ	«Нұр-сұлтан қаласы – Қазақстан Республикасының астанасын Астана қаласы – Қазақстан Республикасының астанасы етіп қайта атау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің № 1017 Жарлығына сәйкес өзгерістер енгізу. Компанияның ребрендингіне байланысты «Reuters (REUTERS)» ақпараттық порталының атауын «Рефинитив (Refinitiv)» деп өзектендіру.

2.	«Екінші деңгейдегі банктердің және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының сенімгерлік операциялар мен кастодиандық қызметті бухгалтерлік есепке алуды жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 30 қарашадағы № 134 қаулысы	«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 27 қарашадағы № 87 қаулысы	3-тараудың тақырыбы, 32-тармақ, 33-тармақтың 1) тармақшасы, 34-тармақ, 4-тараудың тақырыбы, 71-74-тармақтар, 76-тармақ, 91-тармақ, 93-тармақ	«Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысында көрсетілген шоттардың атауларына сәйкес келтіру мақсатында өзгерістер енгізу.
3.	«Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 22 қыркүйектегі № 79 қаулысы		2-тараудың 1,3-параграфтарында, 3-тараудың 1-параграфында а шоттардың атаулары және сипаттамасы 2-тараудың 7-параграфында а, 3-тараудың 1-параграфында а шоттардың атаулары және	1) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан балаларға төлемдер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2023 жылғы 16 қарашадағы №40-VIII ҚРЗ заңмен; 2) «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Заңмен сәйкестікке келтіру мақсатында өзгерістер енгізу. Заңның 42-бабының 2-тармағына сәйкес электрондық ақшаны Ұлттық Банк шығаруға құқылы. Салық кодексіне сәйкес келтіру мақсатында өзгерістер енгізу. Салық кодексінің 1-бабының 3) тармақшасына сәйкес әлеуметтік төлемдер-міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңға сәйкес төленетін жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Заңға сәйкес төленетін әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік сақтандыру жарналары мен жарналар «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төленетін

			сипаттамасы	әлеуметтік медициналық сақтандыру. Сондай-ақ, «Инвестициялық портфельді басқарушы алған зейнетақы активтерінің номиналдық кірістілігі мен зейнетақы активтері кірістілігінің ең аз мәні арасындағы теріс айырманы есептеу қағидаларын, сондай-ақ Инвестициялық портфельді басқарушының теріс айырманы меншікті капиталы есебінен өтеу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 15 ақпандағы № 30 қаулысының күші жойылғанына байланысты 3-тараудың 1-параграфына өзгерістер енгізілді.
4.	«Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысы		6-1, 7, 10, 11-тармақтары, 2-тараудың 1, 2, 4, 5-параграфтарында, 3-тараудың 1-параграфында шоттардың атаулары және сипаттамасы	1) Төлем карточкаларын пайдалана отырып, операцияларды есепке алуды жүргізу рәсімдерін жетілдіруіне; 2) «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіруіне (Заңның 42-бабының 2-тармағына сәйкес электрондық ақшаны Ұлттық Банк шығаруға құқылы); 3) «Активтердің құнсыздануы» ХҚЕС (IAS) 36 сәйкес есептелген инвестициялардың құнсыздануын жеке шотта көрсету ыңғайлылығын қамтамасыз етуіне; 4) инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын банктер, сенімгерлер және ұйымдар арасында жасалған кастодиандық қызмет көрсетуге арналған үшжақты шарттар шеңберінде ақшаны есепке алу қажеттілігіне; 5) номиналды ұстаушылардың клиенттеріне тиесілі инвестицияланбаған ақшаны есепке алу қажеттілігіне; 6) клиенттерден қабылданған салымдардың модификациясын көрсету мақсатында баланстық құнды түзету түріндегі кірістерді есепке алу

				қажеттілігіне (банк міндеттемелерін модификациялау кезінде операцияларды есепке алу шоттары); 7) 2868 «Бағалау міндеттемелері» шотында бұрын құрылған бағалау міндеттемелерін тарату жөніндегі бухгалтерлік жазбаларды 5468 «Бағалау міндеттемелерін қалыптастыруға арналған шығыстар» шығыстар шотымен корреспонденцияда көрсету қажеттілігіне байланысты өзгерістер енгізу.
5.	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен, нысаналы активтермен және нысаналы жинақтармен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 69 қаулысы		НҚА атауы, НҚА-ның 1-тармағы, Нұсқаулықтың тақырыбы, 2-1,3-тармақтары, жаңа тармақ жаңа 8-2-тармақ, 18-тармақ, жаңа 94 және 95-тармақтары	1) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан балаларға төлемдер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2023 жылғы 16 қарашадағы № 40-VIII ҚРЗ Заңның қабылдануына; 2) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының; - «Зейнетақы активтерін есепке алуды және бағалауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 26 ақпандағы № 24 қаулысының күші жойылғаны және «Зейнетақы активтерін есепке алу мен бағалауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу мен дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 26 маусымдағы № 58 қаулысын бекітуіне байланысты өзгерістер енгізу.
6.	«Зейнетақы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету» қаржылық есептілік стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 195 қаулысы		6, 7-1, 24-тармақтары	1) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан балаларға төлемдер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2023 жылғы 16 қарашадағы Заңның № 40-VIII ҚРЗ қабылдануымен; 2) «Зейнетақы активтерін есепке алуды және

				бағалауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 26 ақпандағы № 24 қаулысының күші жойылғаны және «Зейнетақы активтерін есепке алу мен бағалауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу мен дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 26 маусымдағы № 58 қаулысын бекітуіне; 3) «Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысына сәйкес келтіруіне байланысты өзгерістер енгізу.
7.	«Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысы		9-тармақтың жаңа 11) тармақшасы, 11-тармақ, 14-тармақтың 3) тармақшасы, 15-тармақ, 16-тармақтың 2), 9) тармақшалары, 1-ден 8-2-ге дейінгі қосымшалар, жаңа 13-2 қосымша	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан балаларға төлемдер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2023 жылғы 16 қарашадағы № 40-VIII ҚРЗ Заңына сәйкес келтіру мақсатында өзгерістер енгізу. «KASE клирингтік орталығы» АҚ-ның бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы ретінде клирингтік қызметті жүзеге асыруға лицензия алуына байланысты НҚА-ны өзектендіру, нәтижесінде «Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 4) және 6) тармақшаларына сәйкес Орталық сатып алды қаржы ұйымының мәртебесін алды. Микроқаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін реттеушілік есептілікті ұсыну мерзімдерімен үндестіру мақсатында өзгерістер енгізу.

8.	«Бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 47 қаулысы		2-тармақ	Бухгалтерлік есепті жүргізуді автоматтандыру қағидаларында көзделген тәртіппен кеңсе пакеттерінің қосымшаларын пайдалана отырып, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізуі көзделген.
